

«А.Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университеті» РМК

РГП «Костанайский  
государственный  
университет имени  
А.Байтұрсынова»

### **АНЫҚТАМА**

ғылыми кеңес отырысына  
27.03.2020 ж.  
Қостанай қаласы

### **СПРАВКА**

на заседание ученого совета  
27.03.2020 г.  
город Костанай

## **Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру факторы ретінде университеттегі спорттық сауықтыру жұмыстарының жай-күйі мен перспективалары туралы.**

Әрбір мемлекеттің болашағы, оның азаматтары. Ал әрбір азаматтың денінің саулығы, бұл мемлекеттің де саулығы болып табылады. Сондықтан Елімізде спорттық кешендер мен жаттықтыру залдары көптеп ашылуда. Қайткен күнде де, азаматтардың денсаулығы ең бірінші өздеріне байланысты. Зиянды әдеттерге әуестенбей, өз денсаулықтарын күтіп, спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстанса ғана дені сау және ұзақ өмір сүре алады. Жылдан-жылға спортпен шұғылданатын жастар да, үлкендер де көбеюде. Елімізде өткізіліп жатырған спорттық жарыстар мен турнирлердің де саны артуда. Ал болашақ чемпиондар мен спорт жеңімпаздары осындай жасөспірімдерден шығады. Спорттық ойындарда мықтылығын дәлелдей білген мемлекеттің, қай-қай жағынан да мықты екені анық байқалады.

Сондықтан Еліміздің болашағын тәрбиелеу мақсатында біздің университетте көптеген жұмыстар атқырылып жатыр. Қазіргі таңда бізде спорттық кешендер мен жаттықтыру залдары орналасқан алты ғимарат бар. Ол ғимараттардың барлығы заманауи жабдықтармен қамтылып, студенттер үшін барынша жағдай жасалған. А. Байтұрсынов Қостанай мемлекеттік университетінің орналасқан спорт ғимараттарының жалпы аумағы 6526 м<sup>2</sup>.

«Сұңқар» спорт клубы 86-квартал мекенжайында орналасқан. Жалпы аумағы 1202,8 м<sup>2</sup>, оның ішінде 1085,7 м<sup>2</sup> футбол залы, 45,9 м<sup>2</sup> жаттығу залы, 12,2 м<sup>2</sup> медициналық кабинет, қалғаны шешінетін бөлменің аумағы.

«Күрес залы» Абай даңғылы 28-де орналасқан. Жалпы аумағы 250,4 м<sup>2</sup>, 32,2 м<sup>2</sup> оқытушылар бөлмесі, қалғаны шешінетін бөлме.

«№2 спорт залы» Абай даңғылы 28-де орналасқан. Жалпы аумағы 452,76 м<sup>2</sup>.

«Жаттығу залы» Абай даңғылы 28-де орналасқан. Жалпы аумағы 232,5 м<sup>2</sup>. Оның 11,4 м<sup>2</sup> оқытушылар бөлмесі және үлкен залмен кіші зал орналасқан.

«Шейпинг залы» Абай даңғылы 28/3-де орналасқан. Жалпы аумағы 497,1 м<sup>2</sup>, төрт шешінетін және бір оқытушылар бөлмесі бар.

Шаңғы зылы, үстел тенісі, шахмет, дойбы және тоғызқұмалақ залдары университеттің №3 ғимаратында орналасқан.

А. Байтұрсынов Қостанай мемлекеттік университетінде студенттерге арналған 14 спорттық секциялар жұмыс атқарады. Олардың барлығы әр-түрлі мекенжайларда орналасқан. Қазіргі таңда осы секцияларға 400-ге жуық студент қатысады.

Университетте өткізілетін спорттық секция түрлері	Қатысатын студенттер саны
Қазақ күресі	27 студент
Тоғызқұмалақ	23 студент
Баскетбол	20 студент
Волейбол	24 студент
Футбол	34 студент
Үстел теннісі	20 студент
Самбо күресі	23 студент
Президенттік көпсайыс	17 студент
Шаңғы спорты	24 студент
Пауэрлифтинг	46 студент
Женіл атлетика	22 студент
Шахматы	23 студент
Самбо	23 студент
Дойбы	18 студент

2019 жылда біздің университеттің студенттері спорттық бағытта үлкен жетістіктерге жетті. Оның ішінде студентер үшін аса маңызды іс-шаралардың бірі 2 мыңға жуық студентпен, 60 астам оқу орындары қатысқан Қазақстан Республикасының ЖОО арасындағы X- жазғы Универсиадасы.

2019 жылдың 27-31 мамыр аралығында Өскемен қаласында өткен Қазақстан Республикасының ЖОО арасындағы X- жазғы Универсиадада А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ құрамасы Президенттік көпсайыс спорттан чемпион болды. Спорттық-медициналық кешеннің бас жаттықтырушысы Зеленский Юля жетекшілігімен командалық есепте екі алтын, жеке түрде екі күміс, бір алтын иеленді:

1. ГӘФ 3 курс студенті Раиса Тевс – 1 орын;
2. ЗФ 1 курс студенті Данияр Муканов – 2 орын;
3. ИТФ 4 курс студенті Антон Бутенко – 2 орын иеленді.

Сонымен қатар 21-25 мамыр аралығында Ақтөбе қаласында өткен X-жазғы Универсиадада Денешынықтыру тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы Бекентаев Нұржан Қабыкөнұлының жетекшілігімен самбо



күресінен 3Ф 2 курс студенті Бекет Қалдығұл, және МШЖВФ 2 курс студенті Бағдат Үмітқали қола медаль иеленді. (ЭЖҚИ)


1-7 мамыр аралығында Өскемен қаласында өткен Қазақстан Республикасының ЖОО арасындағы X- жазғы Универсиадада 100-метрлік қашықтықтан 4 курс студенті Төлеген Тлеуберген 3-орын иеленді. Біздің спортсмендер республикалық масштабтағы жарыстарда қашанда үштіктің ішінде. 25-30 наурыз аралығында Көкшетау қаласында жабық алан ішінде өткен ҚР-ң Чимпионатында Президенттік көпсайыстан Бутенко Антон 3 орын иеленді. Шымкент қаласында өткен Қазақша күрестен ҚР Кубогында ИТФ 4-курс студенті Қасымханова Назерке 2 орын иеленсен, ал 2018 жылдың қараша айында Петропавл қаласында өткен ҚР Чемпионатында 3 орныға қол жеткізді. Осы спорт түрінен 2019 жылы 25-29 наурыз аралығында Қостанай қаласында өткен жарыста МШЖВФ 1 курс студенті Үмітқали Бағдат 3 орын иеленді.

Пауэрлифтинг спорт түрінен ҚР чемпионатында Татьяна Мазуркаевич 1 және 3 орын, Идрисова Дана 1 және 2 орын сонымен қатар Зеленцов Станислав 3 орын иеленді. 2018 жылы 1-8 қазан аралығында Теміртау қаласында өткен Пауэрлифтинг спорт түрінен ҚР чемпионатында Нубиева Асем екі 3 орын, Зеленцов Станислав 3 орынға қол жеткізді. Студенттермен қатар біздің университетің Спорттық-медициналық кешеннің бас жаттықтырушысы Зеленский Юляда Сасов қаласында өткен полиатлон спортынан әлем чемпионы атанды, және Швецияда Хелсенборг қаласында пауэрлифтингтан өткен әлем чимпионатында денешынықтыру тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы Кувамбав Залим Нағашыбайұлы күміс жүлдеге ие болды.

Қазіргі таңда 2019-2020 оқу жылына арналған 1-5 курс студенттерінің қатысумен «ҚМУ Лигасы» атты жоба өтіп жатыр. Бұл жарысқа 26 командамен 250 жуық студент қатысып жатыр. Оқу жылың соңында жеңімпаз командалар үшін университеттің кәсіподағы атынан 300 000 теңге қаржы бөлінеді.

2019 жылы университетімізде студенттер үшін тағыда бір заманауи спорт түрі «Terra Incognita» Кибер спорт клубы ашылды. Бұл клубта қазіргі таңда 20 жуық студент айналысады. Қалалық турнирлерде жүлделі орындарды иеленіп жүр. Осы спортпен айналысатын студенттердің кқбейюіне байланысты, техникалардың жетіспеу мәселесіде бар екенін айту қажет.

**Әлеуметтік және шаруашылық  
жұмыстар бойынша проректоры**



**Н. Мамиев**